

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Комиссия	Хаттама
		Редакциясы: 1 2 беттің 1 беті

«С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау №1

**Алматы қаласы, Төле би, 94
кіші конференц зал**

**08.06.2026 ж
сағат 11:00**

Төраға: Лахов С.В.

Хатшы: Жексембаев Е.К.

Қатысты:

1. Ислямов А.А. – комиссия төрағасының орынбасары – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы;
2. Жексембаев Е.К. - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері (үйлестіруші);
3. Тусупбекова С.К. - академиялық жұмыс департаментінің басшысы;
4. Дадамбаев А.Е.– құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (СЖТІТ) нәтижелерін жария талқылау комиссия төрағасы С.В. Лаховтың жетекшілігімен өтті. Анықталған тәуекелдер мәселесі бойынша комиссия төрағасының орынбасары А.А. Ислямов сөз сөйледі.

Өз сөзінде А.А. Ислямов жария талқылауды өткізудің мақсаты — мүдделі тараптардан сындарлы кері байланыс алу, сондай-ақ «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және оларды барынша азайту тетіктерін жетілдіру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу екенін атап өтті.

Ол Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес, сондай-ақ «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ-ның 2026 жылғы 29 сәуірдегі №422 ішкі бұйрығы негізінде университетте 2026 жылғы 13 мамыр мен 13 маусым аралығында СЖТІТ жүргізілгенін еске салды.

Талдау СЖТІТ жүргізу жөніндегі Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, сондай-ақ №4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» ТБН жобаларын орындау жөніндегі нұсқаулықтың ережелерін іске асыру шеңберінде жүзеге асырылды.

Белгіленген нормативтік талаптарға сәйкес, СЖТІТ өткізудің міндетті кезеңдерінің бірі — оның нәтижелерін мүдделі тараптардың, мемлекеттік органдар өкілдерінің, сарапшылар қауымдастығының және т.б. қатысуымен жария талқылауды ұйымдастыру болып табылады.

Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, интернет-ресурста, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде СЖТІТ нәтижелерін жария талқылаудың басталғаны туралы хабарландыру уақтылы орналастырылды.



Хабарландыруда талдау нәтижелері бойынша ұсыныстар мен ескертулер енгізу мақсатында мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, сарапшылар қауымдастығының, БАҚ өкілдеріне, сондай-ақ барлық мүдделі тұлғаларға бағытталған талқылауға қатысу туралы шақыру орналастырылды.

Осыған байланысты, А.А. Ислямов атап өткендей, бүгін «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақтылықты арттыру бойынша тиімді шешімдер әзірлеу мақсатында ашық диалог пен ынтымақтастық форматында СЖТІТ нәтижелерін жария талқылау өткізілуде.

СЖТІТ келесі принциптер негізінде жүргізілді:

объективтілік;

шынайылық;

ашықтық;

жан-жақтылық.

Жұмыс тобының нұсқауына сәйкес, Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі талдамалық анықтама мен іс-шаралар жоспары сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар барлық жұмыс процестері Университеттің департаменттерімен келісілгеннен кейін ғана қалыптастырылсын.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдар заңды, тиімді, орындалатын және талдау объектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоққа шығаруға бағытталған болуы тиіс.

«С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша анықтамада көрсетілген ақпарат жұмысқа қабылданды.

Төраға

Лахов С.В.

Ислямов А.А.

Жексембаев Е.К.

Тусупбекова С.К.

Дадамбаев А.Е.